



**Ғылыми кеңесші, фармацевтика ғылымдарының докторы, профессор
Гульбарам Омаргазиевна Устенованың
PhD докторант Аида Архатқызы Ғазизованың «Азиялық жалбыз
(*Mentha asiatica* Boriss.) өсімдік шикізатынан дәрілік заттарды алудың
фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық
жұмысына берген**

ПІКІРІ

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің маңызды стратегиялық бағыттарының бірі – халықты тиімді, қауіпсіз және қолжетімді дәрілік препараттармен қамтамасыз ету, сонымен қатар фармацевтикалық өндірістің импортқа тәуелділігін азайту және отандық өндірістің үлесін арттыру болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, жергілікті өсімдік шикізатынан жаңа дәрілік заттар мен олардың негізінде дәрілік түрлерді жасау ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып саналады.

Ғазизова Аида Архатқызының диссертациялық зерттеуі аталған бағытқа толық сәйкес келеді және азиялық жалбыз (*Mentha asiatica* Boriss.) өсімдігінен алынған экстракт негізінде стоматологиялық жабын технологиясын әзірлеуге арналған.

Зерттеу барысында автор өсімдік шикізатын ғылыми тұрғыдан талдап, экстракт алу әдісін оңтайландыру мақсатында айналымдық экстракция әдісін қолданған. Алынған экстракттың физика-химиялық және органолептикалық қасиеттері, сондай-ақ оның биологиялық белсенділігі кешенді түрде зерттелген.

Ғазизова А.А. зерттеу нәтижелерінің негізінде азиялық жалбыз (*Mentha asiatica* Boriss.) экстракты негізінде екі қабатты стоматологиялық жабын технологиясын жасап, оның құрамдық және технологиялық параметрлерін оңтайландырды. Дайын жабынның тұрақтылық көрсеткіштері, микробиологиялық тазалығы, механикалық қасиеттері және фармакологиялық белсенділігі зерттелді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – жергілікті өсімдік шикізаты негізінде стоматологиялық тәжірибеде қолдануға арналған жаңа дәрілік түр – стоматологиялық жабын жасау технологиясының ғылыми негіздемесін ұсынуында.

Тәжірибелік маңыздылығы – алынған нәтижелерді өндірістік жағдайларда қолдануға және нормативтік-техникалық құжаттар жобаларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеу логикалық тұрғыдан құрылымдалған, ғылыми талдау тереңдігімен, деректердің дәлдігімен және нәтижелердің сенімділігімен ерекшеленеді. Зерттеу мақсатына толық қол жеткізілген, барлық міндеттер дәйекті түрде орындалған.

Ғазизова Аида Архатқызы өзін жауапты, еңбекқор, мақсаткер және ғылыми ізденіс мәдениеті жоғары зерттеуші ретінде көрсетті. Эксперименттерді жоспарлау, нәтижелерді талдау және ғылыми қорытынды жасау қабілеті жоғары деңгейде.

Жоғарыда аталғандарды ескере отырып, Ғазизова Аида Архатқызының жұмысы мазмұны мен орындалу сапасы бойынша 8D07201 – «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығының талаптарына толық сай келеді және ол PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,
профессор, фарм.ғ.д.,
Фармацевтикалық технология
кафедрасының меңгерушісі**



Г.О. Устенова